

**«БЕКІТЕМІН»**  
**Жамбыл облыстық**  
**фтизиопульмонология**  
**орталығының бас дәрігері**  
*Д.О.Шымыров*  
\_\_\_\_\_ 2023 ж.

**«Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы**  
**Жамбыл облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық**  
**жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның**  
**сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттары**

Осы сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарты «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабына, Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарын әзірлеу жөніндегі әдістемелік ұсынымдарға сәйкес әзірленді және қоғамдық қатынастардың келесі медицина саласындағы тыйым салу, шектеу және рұқсат беру жүйесін білдіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеудің мақсаты, медицина саласында сыбайлас жемқорлықты болдырмауға бағытталған ұсынымдар жүйесін құру болып табылады.

1. **Қоғамдық қатынастар саласының атауы – медицина саласы. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттарды әзірлеуші кәсіпорын атауы – «Жамбыл облысы әкімдігінің денсаулық сақтау басқармасы Жамбыл облыстық фтизиопульмонология орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорын.**
2. **Кәсіпорын қызметкерлерінің мінез-құлқы (іс-әрекет) тәртібі.**

**2.1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы стандарттар қоғайтын саладағы жеке және заңды тұлғалардың заңды мүдделерін және құқықтарын іске асыру кезінде.**  
**Кәсіпорын қызметкеріне тыйым салынады:**

- 1) лауазымдық өкілеттіктерін атқаруына байланысты азаматтар мен заңды тұлғалардың көрсетілетін қызметтерін жеке мақсаттарында пайдалануға;

- 2) өзі қызмет істейтін не өзіне тікелей бағынысты немесе өзінің тікелей бақылауындағы қазыналық кәсіпорында үшінші тұлғалардың істері бойынша өкіл болуға;
- 3) кәсіпкерлік және кіріс алумен байланысты өзге де қызметті жүзеге асыруда кімге болмасын Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделмеген кез келген жәрдем көрсетуге;
- 4) Қазақстан Республикасының заңнамасында жеке және заңды тұлғаларға ұсынылуы көзделген ақпаратты беруден негізсіз бас тартуы не оны кешіктіріп беруі, анық емес немесе толық емес ақпарат беруге;
- 5) жеке және заңды тұлғаларға құқықтары мен заңды мүдделерін іске асыруына ашық кедергі жасауға;
- 6) егер Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше көзделмесе, өздерінің мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқарғаны үшін өзі оларда тиісті функциялар атқармайтын ұйымдардан, сондай-ақ жеке тұлғалардан ақша, көрсетілетін қызметтер түрінде және өзге де нысандарда кез келген сыйақыны қабылдауға;
- 7) кәсіпорынның беделіне нұқсан келтіруі мүмкін жанжалды жағдайларға дол беруге;
- 8) мемлекеттік функцияларды орындау кезінде алынған ақпаратты, егер мұндай ақпарат ресми таратылуға жатпайтын болса, мүліктік немесе мүліктік емес игіліктер мен артықшылықтар алу үшін пайдалануға.

## **2.2. Өз құзіреті шегінде басшылық және басқа да шешімдерді қабылдау кезінде.**

### **Кәсіпорын қызметкеріне тыйым салынады:**

- 1) шешімдерді дайындау мен қабылдау кезінде жеке және (немесе) заңды тұлғаларға құқыққа сыйымсыз қолдау көрсетуге;
- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы және (немесе) қызметтік өкілеттіктерді орындауға қатысы жоқ бұйрықтар мен нұсқаулар беруге;
- 3) өзінің лауазымдық өкілеттіктерін жеке өзінің не жақын туыстары мен жекжаттарының материалдық мүдделерін қанағаттандырумен байланысты мәселелерді шешу кезінде пайдалануға;
- 4) мемлекеттік қызметке кіру және мемлекеттік қызмет бабында ілгерілету кезінде заңда көзделмеген артықшылықтар беруге (тамыр таныстық, отбасылық жақындық);
- 5) басқа мемлекеттік органдардың, ұйымдардың қызметіне құқыққа сыйымсыз араласуға;

- 2) Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы және (немесе)

- 6) бағынысты қызметкерлер арасында еңбек жүктемесінің әркелкі бөлінуіне жол беруге;
- 7) бағынысты қызметкерлердің қызметін бағалауда, сонымен қатар оларға көтермелеу және жаза беруде объективті емес көзқарас пен әділетсіздік танытуға;
- 8) өздерінің мемлекеттік немесе соған теңестірілген функцияларын атқаруға байланысты қызмет бабында өздеріне тәуелді мемлекеттік қызметшілерден және өзге адамдардан жалпы қамқорлығы немесе қызмет бабында бетімен кетушілік үшін сыйлықтарды немесе көрсетілетін қызметтерді қабылдауға;
- 9) жеке сипаттағы мәселелерді шешу кезінде мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, мемлекеттік қызметшілер мен өзге де адамдардың қызметіне ықпал ету үшін өзінің қызметтік жағдайын пайдалануға.

### **2.3. Нормативтік құқықтық актілер жобаларын әзірлеу кезінде. Қазынашылық қызметкерлерімен әзірленген нормативтік құқықтық актілер жобалары:**

- 1) азаматтардың заңмен белгіленген құқықтары мен еркіндіктерін шектемеуі;
  - 2) заңды тұлғалардың заңды мүдделерін бұзбауы;
  - 3) жоғары деңгейдегі нормативті құқықтық актілерге қайшы келмеуге;
3. нормативті құқықтық актілерді шығарған орган құзіреті аясынан шықпауы тиіс.

### **4. Басқа да шектеулер мен тыйым салулар**

#### **4.1. Кәсіпорын қызметкеріне тыйым салынады:**

- 1) педагогтік, ғылыми және өзге де шығармашылық қызметті қопағанда, ақы төленетін басқа да қызметпен айналысуға тыйым салынады;
- 2) ашық және аралық инвестициялық пай қорларының пайларын, ұйымдастырылған бағалы қағадар нарығында облигацияларды, ұйымдастырылған бағалы қағадар нарығында коммерциялық ұйымдардың акцияларын (ұйымдардың дауыс беретін акцияларының жалпы санының бес пайызынан аспайтын көлемде жай акцияларды) сатып алуды және (немесе) өткізуді қоспағанда, кәсіпкерлік қызметпен айналысуға;
- 3) өзінің қызметтік жұмысын материалдық-техникалық, қаржылық және ақпараттық қамтамасыз етуге арналған құралдарды, басқа да мемлекеттік мүлік пен қызметтік ақпаратты қызметтік емес мақсаттарда пайдалануға;
- 4) ереуілді қоса алғанда, мемлекеттік органдардың қалыпты жұмыс істеуіне және лауазымдық міндеттерді орындауға келергі келтіретін әрекеттерге қатысуға;

## 4.2. Кәсіпорын қызметкері:

- 1) мемлекет мүддесіне нұқсан келтіретін, мемлекеттік органдардың жұмыс істеу тиімділігіне кедергі жасайтын немесе тиімділігін төмендететін іс-әрекеттерге қарсы тұруға;
- 2) сыбайлас жемқорлыққа қатысты құқық бұзушылықтарға жол бермеуге, сыбайлас жемқорлық көріністеріне қарсы тұруға және басқа мемлекеттік қызметшілер тарапынан болған сыбайлас жемқорлық фактілерін тыюға;
- 3) өзінің іс-әрекетімен және мінез-құлқымен қоғам тарапынан айтылатын сынға себепкер болмауға, сынағаны үшін қудалауға жол бермеуге, орынды сынды кемшіліктерді жою мен өзінің қызметін жақсарту үшін пайдалануға;
- 4) басшы мен оның орынбасарлары арасында функционалдық міндеттерін бөлу кезінде басты өкілеттіктерге басшылық жасаудың бір лауазымды тұлғада шоғырлануын болдырмауға;
- 5) құжаттарды уақытылы және сапалы орындалуын қамтамасыз етуге, жоғалу, фальсификация (жалғандық жасау), орындамау және негізсіз қайтару мүмкіндіктерін болдырмауға;
- 6) қылмыстық істер бойынша іс жүргізуде айыпталушы, күдікті және/немесе басқа да қылмыстық процеске қатысушы тұлға ретінде тартылғаны жөнінде мәлім болған кезден бастап келесі күннен кешіктірмей басшысын жазбаша түрде ескертуге, сонымен қатар мәлім болған сыбайлас жемқорлық фактілері туралы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл органдарына және басшысына хабарлауға;
- 7) кәсіпорын қызметіне қатысты сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін байқаған жағдайда басшысына ақпарат беруге;
- 8) жалпы қабылдаған моральдік-әдептілік нормаларын сақтауға және жұмыстан тыс уақытта сыбайлас жемқорлық іс-әрекеттерін болдырмауға;
- 9) кәсіпорын бөлімшелеріне ұсынылатын мемлекеттік мекемелер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қаржылық құжаттарын қарастыру кезінде әуре-сарсаңға салушылық көріністерін болдырмауға;
- 10) басшысы мен әріптестеріне әділ шешім қабылдауларына әсерін тигізуі мүмкін, қарым-қатынастың белгіленген тәртібін бұзатын заңсыз өтініш жасаудан ұзақ болуға;
- 11) мүдделер қақтығысын болдырмауға және оларды реттеуге шара қабылдауға;
- 12) қызметкерлерді жоғары тұрған қызметке тағайындау кезінде меритократиялық принципті ұстануға;
- 13) кадрларды іріктеу кезінде Қазақстан Республикасы заңнамаларының талаптарын сақтауы тиіс.

## 5. Қорытынды ережелер.

1. орталығы» шаруашылық жүргізу құқығындағы коммуналдық мемлекеттік кәсіпорынның тиісті бұйрықтарымен енгізіледі.
2. Осы Стандарттармен тікелей қарастырылмаған сұрақтар Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасымен регламенттеледі.